



МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ТАРИХИ ҚАДАМ



Республика күні – тарихи күн. Арғы заманды айтпағанда, тәуелсіздік төңірегінде қаншама күрделі өзгерістер орын алды. Мұндай тартыстарды қарапайым халықтың біле бермейтіні түсінікті. Десек те, тәуелсіздік бәзбіреулер ойлағандай төбеден топ етіп түсе қалған жоқ. Азаттық – тәңірдің берген тартуы. Әрі ел үшін жанын берген майталман тұлғаларымыздың өлшеусіз еңбегінің нәтижесі.

(Жалғасы 2-бетте)

Ержан НАУРЫЗБАЙ, Zanger құқықтық платформасының жетекшісі:

«АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУҒА ҮЛЕС ҚОСҚЫМЫЗ КЕЛЕДІ»

Халқымыз әділдік жоқ жерде береке-бірлік болмайтынын сонау ерте заманда-ақ білген. «Елге бай құт емес, би – құт» деген сөздің жайдан-жай айтылмағанын уақыттың өзі дәлелдеп берді. Өкінішке қарай ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан билер институтының қызметі өзгеріске түскеннен кейін біздің елімізде де құқықтық мәселелерді шешу жолдары жыл өткен сайын күрделене түсуде. Бұған халықтың құқықтық сауаттылығын көтеру жұмыстарындағы теория мен тәжірибе арасындағы алшақтық өз әсерін тигізуде. Сондықтан елімізде азаматтарды заңгерлермен байланыстыратын «5510» қызметі іске қосылғанын естіп, оны жүзеге асырған Zanger құқықтық платформасының жетекшісі Ержан Наурызбайды сұхбатқа тартқан едік.

– Игі бастамаларыңыз құтты болсын! Сұхбатымызды Zanger құқықтық платформасының құрылуына түрткі болған негізгі жайттардан бастасақ?

– Алдымен уақытыңызды бөліп, кеңсемізге арнайы іздеп келгеніңіз үшін және ізгі тілегіңізге рақмет айтқым келеді. Егер платформаның қоғамдық маңыздылығына келсек, бұл ең алдымен заң көмегіне деген сұраныстың жыл сайын өсуімен байланысты. Заңгерлік қауымдастықты қолдау мен Қазақстанның барлық аймақтарында заң көмегінің қолжетімділігін арттыру әлі де өзекті. Сондықтан қауіпсіз орта және тексерілген заңгерлер тобын қалыптастыру арқылы қоғамның құқықтық сауаттылығын арттыруға ықпал етуге біз де өз үлесімізді қосқымыз келеді.

(Жалғасы 5-бетте)

ЖОҒАРҒЫ СОТТА ТӨРЕЛІКТІ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жоғарғы Сотта «Қазақстандағы төрелік: қазіргі жағдайы және даму перспективасы» тақырыбында тәжірибелік конференция өтті.

Отырысқа судьялар, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл, Бас прокуратураның, Әділет министрлігінің, төрелік мекемелердің, ғылыми қоғамдастықтың өкілдері, тәжірибелі заңгерлер мен адвокаттар қатысты. Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Нұрсерік Шәріпов конференцияны ашып, төрелік Қазақстанның заманауи құқық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатынын, соттарға түсетін жүктемені азайтуға көмектесетінін және дауларды шешудің тиімді, құпия механизмін қамтамасыз ететінін атап өтті.

Төрелік сот шешімдерін орындау сұрақтарына ерекше назар аударылды, яғни: олар

сот шешімдеріне тең, бірақ сот шешімдерінен айырмашылығы, оларды жоғары тұрған сатылар заңда көзделген жағдайларда ғана, даудың мәні бойынша соттың қарауынсыз қайта қарай алады.

Қазақстанның халықаралық төрелік сотының төрағасы Майдан Сүлейменов сот практикасын талдаудың, тәжірибе алмасудың, төрелік заңнамасын қолдану бойынша практикалық ұсыныстардың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ, төреліктің өзекті мәселелері туралы Қазақстанның халықаралық төрелік сотының төрағасы және атқарушы директоры Майдан Сүлейменов пен Әсел Дүйсенова айтып берді. Жоғарғы Соттың судьясы Одинцова Маргарита сот пен төрелік

арасындағы құзыреттіліктің аражігін ажыратуға, қосылу және қарыз шарттарындағы төрелік келісімдердің ерекшеліктеріне, сондай-ақ патологиялық төрелік ескертпелер деп аталатындарға егжей-тегжейлі тоқталды.

Сот практикасынан келтірілген мысалдар юрисдикция мен халықаралық шарттарды қолдану мәселелеріндегі дәлдік пен дәйектілік сот билігінің беделіне және елдің инвестициялық тартымдылығына тікелей әсер ететіндігін растады. Жоғарғы Соттың судьясы Гүлжан Әлмағамбетова төрелік шешімдердің сапасы және олардың күшін жою негіздері туралы баяндама жасады. Төрелік туралы заңға қатаң сәйкес шығарылған төрелік шешімдері осы институтқа деген сенімді арттырудың негізгі шарты болып табылатыны атап өтілді.

Дауларды шетелдік элементпен қарау кезінде қолданылатын құқықты таңдау мәселелерін Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясы орталығының директоры Әбілова Майгүл атап өтті.

Астана қаласының заң консультанттары палатасының төрағасы Әнуарбек Сқақов пен «ZanSar» сараптамалық-құқықтық зерттеулер институтының сарапшысы Асқар Қалдыбаев төрелік процестеріндегі заң консультанттары мен сарапшыларының рөлі туралы айтып берді. Конференция қорытындысы бойынша қатысушылардың ұсыныстары жүйеленді, олар заңнаманы жетілдіруге және құқық қолдану практикасын біріздендіруге бағытталатын және соттарға тиісті ұсынымдар берілетін болады.

ҚР Жоғарғы Сотының баспасөз қызметі

3-бет

Ұлы Абайды «Абая» қылған кімдер?



6-бет

Алаяқтарға алданғандар



8-бет

Ел рухын көтерген ерге тағзым!



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ТАРИХИ ҚАДАМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мыңдардың көтере алмаған жүгін ауырсынбай арқалайтын атпал азаматтарымыз қай заманда да болған. Тәуелсіздік тағдыры таразыға тартылғанда, келешегіміз не болар екен деген дүдәмал ойлар көкейді мазалағаны рас. Осындай жағдайда саяси ареналардағы дауыл мен борандардың өтінде заң саласының корифейі, академик Салық Зимановтай марғасқалар бастаған заңгерлердің жүргендігін көз көрді. Өйткені, қаншама арыстарымыз жолына басын тіккен, қаншама буын ұрпақтың нақақ қандарының төгіліп, артына сойқан ізін қалдырып, халық тағдырына аяусыз таңбасын салған, осыншалық қымбатқа түскен тәуелсіздікті тек қазығы мықты қағылған төрт құбыласы тең, жан-жақты ойластырылған, тоқсан түрлі торкөз сараптамалар сүзгісінен өткен заңдар арқылы бекітуге болатын-ды.

Бұл өзі ескі замандардан айқындалған, тағылымды тарихымыздан белгілі, әлмисақтан танылған ақиқат. Бүгінгі майталман заңгерлеріміз кешегі әулиедей ардақты билеріміздің орнын басып, мойындарына артқан елдік ауыртпалығын белдері қайыспай көтере білді. Өткен дәуірлерді былай қойғанда, біздің заманымыздағы тәуелсіздігіміз де әртүрлі дау-дамайлы өткелдерден өткені рас. Оның айнала-сында қызу тартыстардың жүргені де ақиқат. Республика күніне байланысты біраз ауытқулар мен толқулар жүріп өткенін біз еске алмасақта, сергек саналы қоғам ұмыта қоймаған шығар. Дегенмен, тәуелсіз Қазақстанның тәй-тәй басқан қадамдары мен алғашқы заңдық құжаттарына тоқталмай кетуге болмайды.

Республика күнінің тарихы өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басынан басталады. Нақтылай түссек, 1990 жылы 25 қазанда «Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация қабылданды. Бұл Қазақстанның тәуелсіз ел атануына тікелей жол ашқан аса маңызды құжат болатын. Декларацияда Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негізі жарияланды. Осы Декларацияның арқасында Қазақ КСР өз ішкі әскерін, мемлекеттік қауіпсіздік пен ішкі істер органдарын құру құқығына ие болды.

Декларацияның қабылдануымен мемлекет тәуелсіздігінің іргетасы қаланып, еліміздің өз территориясы, азаматтығы, мемлекеттік өкіметтің дербестігі мен толықтығы, бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі бекітілді. Сонымен қоса, мемлекеттік рәміздері, Ұлттық валютасы нақтыланды. Заңдық акт арқылы



әлем картасында «Қазақстан» атты жаңа мемлекет пайда болып, Қазақстан Республикасының негізі қаланды. Декларациядағы бағдарлама негізінде 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданды.

Тәуелсіз еліміздің алғашқы заңдық құжаттарының дайындалуына ең алдымен, ең үздік заң қайраткерлері тартылды. Ел заңнамасы тарихында есімі алдымен ауызға алынатын заң корифейі Салық Зиманов бастаған Ғайрат Сапарғалиев, Сұлтан Сартаев, Нағашыбай Шәйкенов, Оразалы Сәбден, т.б. айтұлы заңгерлеріміздің жинаған мол тәжірибесі осы тұстарда ел игілігіне жарады. Тек олар емес, жалпы еліміздің заңы мен сот салаларының иығына осы кезеңдерде үлкен салмақ түсті және олар осы сынақтан абыроймен өте білді. Әрине, бұл өзге сала мамандары ел тәуелсіздігінің негізі қаланып, қалыптасуына атсалыспады дегеніміз емес.

Осы ретте философ, академик Жабайхан Әбділдин, тарихшы, академик Манаш Қозыбаев, қайраткер ақын-жазушылар Әбіш Кекілбаев, Шерхан Мұртаза, Фариза Оңғарсыновалардың ел мүддесін қорғаған жалынды істеріне талай куә болдық. Осы ардақтыларымыз кейбір қысқа ойлайтын азаматтар: «біз одақтан айрылмайық, қалай болған күнде де Ресейдің қолдауынан қол үзіп қалмауымыз керек» дегенде ел мүддесіне шырылдап араша түсті.

Міне, осы тұста Салық Зиманов бастаған қайраткер заңгерлеріміздің қыруар еңбек сіңіргендігін баса айтұға қақылымыз және міндеттіміз. «Айтпаса сөздің атасы өледі». Нақ осы тарихи, сындарлы, жауапты кезең туғанда, өткен дәуірлердегі билер институтының марғасқа майталмандары секілді, біздің заманымыздағы олардың ізбасарлары тарих сахнасына көтеріліп, ел мүддесіне тізе қосып еңбек етті, тәуел-

сіздігімізді тұрақтандырып, баянды етуге бар қажыр-қайратын жұмсады. Ақиқаты осы.

Өкінішке қарай, жоғарыда айтқанымыздай, тәуелсіздікті тұрақтандыру төңірегінде бәрі тақтайдай теп-тегіс болып, алдымыздан даңғыл жолдар сайрап ашыла қалған жоқ. Соның бір үлкен дәлелі – осы қаншама еңбекпен жеткен мұрат-мүдделеріміз кезінде аяқасты болып, тәуелсіздікке жол ашқан республика күні он үш жыл бойы мереке ретінде аталмай қалғанын көпшілік ұмытпаған болар. Әрине, дәл қазір бұған айыпты іздеп, себеп-салдарын түгендеу жөнсіз.

2022 жылдың маусым айында Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысында Мемлекет басшысы Қ.Қ.Тоқаев Республика күніне Ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды және бұл күнді мемлекеттік мерекелер тізіміне енгізуді ұсынды. Өз сөзінде: «Республика күні – елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ, Тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек», – деді. Президенттің бұл қадамын Тәуелсіздік мұраты жолында еңбек еткен, тіпті, жанын құрбан еткен алаш арыстарына деген құрмет деп түсіндік.

Сонымен бірге бұл осы ұлы мұрат жолында империямен арпалысқан ерлерімізге құрмет және осы Тәуелсіздіктің тұрақтылығына үлес қосқан, қаншама заңдар, ең басты құжат – Декларацияны бекіту жолында тер төккен Салық Зиманов сияқты ардақты тұлғаларымыздың баға жетпес еңбегін бағалау, жаңғырту деп ұғындық. Осы қадам арқылы халық үшін жасалған еңбек-

тің ешқашан өлмейтініне сеніміміз нығая түсті. Ең бастысы, Республика күнінің – Ұлттық мереке ретінде қайта түлеп, жаңғыруы халқымыз үшін зор қуаныш. Елдің өнегелі тарихы осылайша жасалмақ. Біз осындай аршынды, мемлекеттік маңызы жоғары қадамдарға қуана отырып, қолдауға әзірміз.

Біз өткеніне құрметпен қарайтын, ата-баба салтына бас иіп, ұлағатын ала білетін халқымыз. Тіпті, азуын айға білеген империяның өзі ұлттық қасиеттерге тұнған рухымызды сындыра алмады. Ғасырлар бойы жұртымызды қанша соқпақты, соқпақсыз, дүрбелең, қиын-қыстау замандарға душар қылып, ықтиярсыз соғыс, шапқыншылықтарға мәжбүрлесе де, «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» дәуірлерге ұрындырса да, ар-намысты, жігерлі жұрт тарих сынақтарына төзе білді, еңсесін түсірмей, қиындыққа қарсы тұра білді. Жұбан ақын айтпақшы, «мың өліп, мың тірілсе де» келешегіне сенді, ұрпағы үшін жарқын болашағына үлкен үмітпен қарады.

Тарих сынағы демекші, алаш ардақтысы Мұстафа Шоқай дүниеге төңкеріс жасап, әлемді ұсыныда ұстағысы келген диктатор тиран-дардың мәңгілік емесін мезгеп, олар құрған адамзат мүддесіне кереғар жүйеге де ақырзаман туарына болжам жасап, мынадай терең, ұлағаты, әрі қатаң, әрі қара қылды қақ жарғандай әділетті түйін жасаған: «Тарих рақымсыз. Ол ғұламаны да, білгірді де, өнер иесін де, хандар мен патшаларды да аямайды. Ол өз заңына қарсы келгендердің бәрін езіп, жаншып жүре береді. Тарих заңдары кері қайтуды білмейді және оны жаратпайды».

Мұстафа Шоқайдай кемеңгердің ақиқат пікіріне келтірер мысалдар аз ба? Оған дәлел ретінде кешегі дүниені қызыл қанға бояған тирандар қолымен дүниеге келген жауыз кеңестік империяның әп-сәтте отырылып, қаусап, құлап түскенін айтсақ та жеткілікті. Өз заңына қайшы келген саясатқа тарих «рақымсыздық» танытты, тарих дөңгелегі әділетсіздік пен қиянат, қысымға негізделген империялық жүйені таптап, тас-талқан етті.

Дүниенің бәрі салыстырудан – ақ-қарасын айырудан, асылы мен жасығын, жақсысы мен жаманын, күнгейі мен көлеңкесін, бары мен жоғын ажыратудан тұрады. Салыстырмай сапаны сараптау жоқ, айырып-ажыратып алмай, ақиқатты тануымыз да мүмкін болмас. Тап сол сияқты бүгінгінің қадір-қасиетін тану үшін, өткенімізді сүзгіден өткізуге тура келеді. Кеңестік жүйе халқымызды нақ осы сараптап салыстыру, талдап-таразылау мүмкіндігінен айырды; таңдау қалдырмай, тек, әкем де, шешем де, жалғыз қамқорым да, Құдайым да – совет үкіметі» деген жалғыз ұғыммен тәрбиеленіп өстік. Ұлттық мұрат-мүддеміз, ата-бабалар жолы, өнегесі мен ұлағаты, ғасырлар бойғы қалыптасып келген салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық барша қадір-қасиетің «советтік менің өз елім!», «Алға, комсомол!», «Бастаушымыз – коммунистік партия!», «Партия қайда болса – жеңіс сонда!» – деген ұрандардың астында көміліп қалды.

Тәуелсіздіктің үлкен жеңісі сол – осы таптаурынға айналған ұғымдар-

дың қоясын қопарып, шаңын аспанға шығарды, сана-сезімдерді дүр сілкінтті, басқаша ойлауға, ұлт қадір-қасиетіне тереңдеп бойлауға үйретті. Ең бастысы, ата-бабаларымыздың жүріп өткен жолдарының тағылымы мен үлгі-өнегесін тануға, тәлім-тәрбиелік мәнін ұғуға үйретті. Иә, терең тағылымды тарихымыз бар екен, ғасырлар қойнауы толы қалың қатпарлы шежіре, тұнып тұрған тылсым тарихат екен! Тәуелсіздік таңымен бірге ел тарихының өткені оралып, жаңа беттері ашылды, яғни, өткеніміз бен бүгінгіміз бетпе-бет жүздесті, қазақ баласы мұндайды «өлгенім тіріліп, өшкенім жанды» демеуші ме еді?! Осылайша, елдіктің тұғыры биікке көтеріле бастады.

Таяуда Семей жерінде, данышпан Абай елінде ұлы ақынның 180 жылдық мерейтойында елдігіміздің мәртебелі мерейіне куә болдық. Данасын ұлықтаған елдің көл-көсір қуанышын көріп, көңіліміз шарықтады. Заңгер ретінде, ұлы Абайдың би-заңгерлік болмысының үлкен мінбелерден айшықтай аталып, кемеңгерлік келбетінің ашыла, жаңғыра түскеніне қатты қуандық. Иә, қай заманда да би-заңгерлеріміз елдік мұрат-мүдделеріміз жолында халқының алдыңғы сапында жүріп, белсене еңбек етіпті, осыны сезіну біз үшін зор мақтанш.

Халқымыздың парасатты перзенттерінің бірі, көрнекті қаламгер Шерхан Мұртаза: «Заң – мемлекеттің тоғыз қабат, тор көзді сауыты», – деген екен, бұдан асырып, заңның тұғырын көтере алмаспыз, сірә.

Республика – елдік атауы, мемлекет тұғыры, ал оның тұғыры мен тұрақтылығын нығайтатын – заң. Рим ойшылы Платон: «Мен заңның ешқандай күші болмайтын және біреудің билігіндегі мемлекеттің күні санаулы екенін айта аламын. Билеушілер заңның құлы болатын мемлекеттің адамдарына Құдай игілік сыйлайды», – деген екен, заңның жүдіретілігін осыдан асырып қалай жеткізе аларсыз?!

Қазақтың даналығын өз ішіңізден іздесеңіз де жаңылыспай табасыз: «Қазақтардың моральдық кодексін олардың мақал-мәтелдері мен аңыз әпсаналарынан іздеңіз», – деген екен халқымыздың дарынды перзенті Олжас Сүлейменов. Иә, айтса айтқандай, ұстаз тұтар білікті би-заңгерлеріміздің баршасы халықтық педагогикамен тәрбиеленіп, мақал-мәтелдермен, даналық өсиеттермен көзін ашқан, сол арқылы ақыл-парасат деңгейіне көтерілген, жұртының ыстық махаббатына бөленген.

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан: «Біздің іздегеніміз – алаш атының бәйгеден келгені. Тірі болсақ алдымызда үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар», – деген екен. Қайран есіл ер, басы ноқтада, мойны бұғаулы жүрсе де, қазағы үшін той дүбірі алыс еместігіне сенген, болашақ ұрпағы үшін қуанған. Ендеше, ел-жұртымыздың мерейі әрқашан үстем болсын, елдігіміз баянды бола берсін! Республика күні құтты болсын!

**Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының
төрағасы**

КЕЗДЕСУ

ЕҢБЕК АДАМДАРЫ ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Қарағанды облыстық сотының төрағасы Ерден Әріпов «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында шаруашылық қызметкерлерімен кездесу өткізді

Іс-шараға облыстық соттың алқа төрағалары, бейнеконференц байланыс арқылы аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен шаруашылық қызметкерлері, сондай-ақ ҚР Сот әкімшілігінің Қарағанды облысы бойынша департамент басшылығы қатысты.

Төраға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылды – «Жұмысшы мамандықтар



жылы» деп жариялау бастамасының маңыздылығына тоқталды. Ол бұл шешімнің еліміздегі еңбек адамдарына көрсетілген зор құрметтің айқын көрінісі екенін атап өтті.

Кездесу соңында Ерден Әріпов шаруашылық қызметкерлеріне адал еңбектері мен жауапкершіліктері үшін алғыс білдіріп, олардың бірқатарына алғыс хаттар табыс етті. Әріптестердің қолдауын сезініп, құрметке бөленген қызметкерлер арнайы кездесу өткізіп, еңбектерін елеген сот төрағасы мен ұжымдастарына алғыстарын білдірді.

**Қарағанды облыстық
сотының
баспасөз қызметі**

АЙТАРЫМ БАР

ҰЛЫ АБАЙДЫ «АБАЯ» ҚЫЛҒАН КІМДЕР?



Қазақтың ұлы, дана ақыны Абайдың өлеңдері мен қара сөздері туған халқының ғана емес, тұтас түркі әлемінің, дүниежүзі халықтары әдебиетінің жауһар туындыларының қатарына қосылып отырғандығы аян. Биыл – ұлы, дария ойшыл Абайдың 180 жылдығы туыстас

түркі тілдес елдерінде ғана емес, Ресей, тіпті сонау мұхиттың арғы жағындағы АҚШ елінде де атап өтілді.

Бірқатар елдерде: «Адамзаттың бәрін сүй – бауырым деп» деген ұлы ұстаным ұстанған данышпан Абайдың ескерткіш мүсіндері орнатылып, музейлері ашылуда, Абай атына көшелер берілуде. Сол игі істердің бір дәлелі ретінде, қазақтың бетке ұстар айнасы – «Қазақ әдебиеті» газетінің 2025 жылдың 22 тамызы № 33-санында «Ташкентте ұлы Абайдың 180 жылдығы ұлықталды» атты соншалық көлемді болмағанымен, мәні мен маңызы елді елең еткізер құнды материал жарияланды. Халықаралық ғылыми конференцияға қазақ пен өзбектің ғана емес, Татарстан, Тәжікстан, Түркменстан мен бауырлас Түрік елінің мүйіздері қарағайдай ғалымдары, ақындары мен жазушылары қатысып, ұлы Абайдың «қара сөзі» мен мұхит сынды терең мағыналы өлеңдері, ғылыми еңбекке бергісіз жақиялары туралы ой, пікірлер айтылды.

«Адамзаттың Абайы» атты аксиома іспетті ұлы да, ұлықты атаққа ие болып отырған дархан да, дара – данышпан, хакім Абайды биылғы жаппай ұлықтауы маусымдық шара емес, тұрақты түрде дәріптеліп, білім ордаларында арнайы пән ретінде өткізілсе – көктен іздегеніміз – өз жерімізден табылатындығы талассыз.

Бұл айтқандарым менің әлқисамның бастамасы. Енді сөз басындағы тақырыпқа байланысты ойыма көшейін.

Қыз – күйеу мен жиен-немерелерім тұрып жатқан, бұрындар Іле ауданына қарасты Қоянқұс ауылы өткен жылдан бері «Алматы облысы Алатау қаласы Қоянқұс шағын ауданы болып атауын жаңартты. Жөн ақ! Қазақ деген кең қолтық ұлттың баласының немере, шөбересіз ішкен асы бойына тараушы ма еді?! Міне, осы ауылдың Абай көшесінде тұрып жатқан ұрпақтарымыз үйіне келіп, екі күннің бірінде қона-жаста-на жатамын. Жас кезімнен қалыптасқан дәстүр бойынша таң бозынан тұрып, осы ұлы адамның атымен аталатын көшесінің бойымен, солдатша үш шақырым «шағайттаймын». Спорт арқылы көтерілген көңілімді осы көшенің тұрғындарының дарбалары мен үйлерінің сыртына іліп қойған тақтайшалары су сепкендей басып, жігерімді құм етіп тастайды-ау, шіркін! Оған себеп – тақтайшадағы көше атауы «Абая» деп, оның соңындағы: «көше, улица, street» деп жазылған жазудан жүрегім май ішкендей ірікілдеп қалады. Бұл не, сонда, қазақты қорлау ма?! «Абай» деп жазылса, орыстар мен ағылшын өкілдеріне түсініксіз болып, шетелдіктер көшеден адасып қалады деген қорқыныш па?! Осы көшедегі шамалап алғанда, 300-дей ауланың 10-11 үйдің ғана сыртқы қабырғасында Абай көшесі деп дұрыс жазылған. Қалғаны «Абая» деп ойбайла-тып қойған. Ал, бұл көшенің

тұрғындарының барлығы дерлік қазақтар. Бірлі-жарым ғана курд, азербайжан, түрік жаңұялары қоныстанған. Мен ұлтқа бөлініп-жарылу үрдісінен аулақ адаммын. Қазақстан халықтарының 70 пайыздан астамы қазақтар. Мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі. Мысал келтірейін: жоғарыда айтылған тақтайшалардағы «Абая» сөзінен кейінгі «көше, улица, street» сөздерін ақылға салып көрелік. Орыс тілінде «Абая улица» деудің өзі қате. Дұрысы – «Улица Абая» болуы керек. Ал, қазақша-сына келсек, «Абая» деп емес, «Абай көшесі» деп жазылуы тиіс емес пе? Қалай айтсақ та, алақұла өрескел қателік. Мәселен, №110 үйдің Абай деп жазылған тақтайшасын көріп: «е, бәсе» деп, қуанып қалып едім, ертерек қуаныппын. «Абай» сөзінің алдына «улица» деп жазылғанын оқып, қуанышым су сепкендей басылып қалды. «Абая № 261» деп, арнайы жерде жасалған емес, қаңылтыр дуалға майлы бояумен жазып қойған үйдің қожайыны Берікбай деген азаматпен әңгімеміз қып-қызыл дауға ұласты. Тындап көріңіз, құрметті оқырман:

– Осы көшенің көпшілік тұрғындары: «Тақтайшаны ақысын төлеп, Іле ауданының әкімшілігі арқылы алдық» деп жатыр. Сіз мынаны өз қолыңызбен жазған екенсіз, соны «Абай» көшесі деп дұрысын жазбадыңыз ба?

– Сіз не, Тобықтысыз ба? Мен Найман – осылай жаздым.

– Үйбай-ау, мәселе менің, не сіздің руыңызда емес, тақтайшаны дұрыс жазу керек емес пе?

– Кезінде Маркс, Энгельс, Сталиндер дүрілдеп тұрған. Қазір қайда олар? Жоқ! «Елу жылда – ел жаңа» деген. Бәрі өзгереді. Мен үйімнің қабырғасындағы (онда «Абая» деп, көше сөзі, жоғарыда көрсеткенімдей, үш тілде жазылған екен) тақтайшаны да, бояумен өзім жазған жазбаны да өзгертпеймін, осылай қалады.

– Сіз сонда, кейінірек Абай да ұмытылады деп тұрсыз ба?

– Солай... Мен Әбдіжәміл Нұрпейісовтың төрт томдығын оқығанмын. Одан не пайда түсті? Түк те өзгерген жоқ, – деп, ата жауын көргендей, көзі бақырайып, аузы көпіршіп, долдана бажылдаған жаннан түңіліп кетіп:

– Бүйтіп қазақ атанған түріңе болайын,– деп, жөн сөзді түсінбейтін, намыстан жүрдай адамның қасынан тезірек кетуге асықтым. Міне, бала емес, шаға емес, алпыс жастан асқан берекесіз адамның ұсқынсыз, шатпырақ сөзі...

Атам қазақтың: «Жүре берсең – көре бересің» деген дана сөзі рас екен. Жаңағы даукестің үйінен төрт-бес үй жоғары, дуалмен қоршалмаған үйдің, көше жақ бетіне салынған дәретханасының қабырғасына «Абая» көше, улица, street» деп жазылған тақтайшаны «қатырып» қағып қойыпты. Құдай-ау, сенесіз бе, көзімнен

жасым еріксізден ыршып кетті! «Мынау сұмдық екен!» деп, ауласына шаптыға кірдім.

– Әлеу, қожайын... Кім бар екен бұл үйде..?

Үйден алпыс жас шамасындағы әйел шығып, маған таяды.

Ол келіншекке қателігін көрсетіп, бұрыс ісін айтып ем бірден түсінді.

– Кешіріңіз. Бұл білместік қате бүгін-ақ жөнделеді – деген әйел ер адамдарша қолын ұсынды...

Ертесінде таң бозынан солдатша «шағайттап» жүріп келе жатып, әйелдің уәдеге беріктігінің күәсі болдым.

Осы келеңсіз оқиғалардың ертеңінде «шешінген судан тайынбас» дегендей, Жомарт, Абай, Ақаш атты осы көшенің тұрғындарымен сөйлестім. Олардың бәрі тақтайшаларды бұрынғы Іле ауданының әкімшілігі арқылы алғандарын, «Абая» деп жазылуына қарсы екендігін білдіріп жатыр.

Тақтайшасына әдеттегідей, «Абая» нөмірі 100 «Е» деп жазылған үйдің иесі, зейнеттегі теміржолшы Аханбай Ақылбеков атты азамат тақтайшаның дұрыс жазылмағанын қуаттап: «Мұны анау «Камаз» машинасы тұрған үйдің қарсы жағында тұратын Айгүл атты келіншек арқылы жасатып алдым. «Жығылған күреске тоймас» деп, «Камаздың» қарсысындағы үйдің де қақпасын жау шапқандай даңғырлаттым. Орта жасқа таяған әйел шықты.

– Сіздің есіміңіз Айгүл ме!

– Айгүл. Үйге тақтайша жасатайын деп келдіңіз бе?

– Жасатайын деп емес, сол тақтайшаларға неліктен «Абая» деп жаздыратыныңызды білейін деп келдім. Және ондай қате жазуды кім арқылы жасатып жүрсіз?

– Бір танысымнан жасатып жүрмін.

– Жақсы, тұрғындардың тапсырысын орындап, азды-көпті нәпақа тауып жүр екенсіз. Бірақ неге «Абай» деп дұрысын жаздырмайсыз. Мұныңыз заңсыздық қой...

– Аға, оны ойламаппын. Кешіріңіз, енді қайталанбайды....

Енді мына қызықты қараңыз: осы көшенің № 106 «Б» үйдің тұрғыны, ұлты орыс Николай деген азамат үйінің бет жағындағы да, көше жағындағы да тақтайшаларына «Абай» деп жазыпты. Бүкіл көшеде оншақты ғана дұрыс жаздырған тұрғындардан басқалары «Абая» деп ойбайлатып қойған қазақтардың ісін көрген мен: «Ой, айналайын, Николай бауырым, бар бол!» деп, бетінен сүйіп алуға дайын едім.

Кезінде Іле ауданына қараған бұл ауыл өзі ауданға «өгей» болған ба, деп қалдым. Басқасын айтпағанда, осы «Абай» көшесінің реттік сандары алақұла екендігі мені таң қалдырды. Ономастика, көшелерді нөмірлеу тәртібінде, көшенің бір беті жұп сан, екінші беті тақ сан болуы тиіс қой. Мұнда ол тәртіп сақталмаған: жұп жағында тақ, тақ жағында жұп нөмірлі үйлер мидай араласып кеткен.

Осы және басқа жағдайларды тұрғындардың өтініші бойынша, Іле ауданының бұрынғы әкімі Бағдат Қарасаевқа жеткізу үшін осыдан екі-үш жыл бұрын үш рет барып кіре алмай кеткен едім.

Жоғарыдағы келеңсіздіктерді жеткізу, жаңадан құрылған қаланың жай-жапсарын, атқарылып жатқан, алдағы уақытта атқарылмақ жоспарларын білмек мақсатпен, қазіргі Алатау қаласының әкімі Өтенов Аркен Хамитұлының қабылдауына барғаным да сәтсіз аяқталды. Әкімнің баспасөз хатшысы Гүлнәз атты қарындасымыз: «Қазір Мемлекет басшысының соңғы жолдауымен мұрыңа су жетпей жатыр және жақын айларда әкім еш дерек бере алмайды» деп жауап берді. «Жазған құлда шаршау жоқ» демекші, Құдай сәтін салған күні тағы барармын» деп, жөніммен кеттім.

Ғабдул – Сәбит ЮСУПОВ, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Қаратал ауданының құрметті азаматы

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан халыққа көптеген қолдау көрсетілуде. Ал кәсіп жынысқа бөлінбейді, ерімен қатар әйелдің де жеке шаруамен айналысуға мүмкіндігі мол. Оның үстіне бұл тарапта мемлекеттен берілетін көмек те орасан.

КӘСІБІМ – НӘСІБІМ

Кентау қаласында шағын және орта кәсіпорындардың жартысына жуығын әйелдер басқарады. Үй шаруасынан бөлек, қоғамға пайдасы зор кәсіпті тізгіндеген қыз-келіншектер қаланың әлеуметтік деңгейін көтеруде маңызды рөл атқаруда. Биыл Кентау қаласы үшін табысты жыл болды. Қай саланы алып қарасаңыз да ілгерілеу бар. Соның ішінде шағын және орта бизнес саласы қарқынды дамып келеді. Бұл ретте әйел кәсіпкерлердің еңбегі де елеулі.

Міне бүгінде мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаулардың арқасында елімізде түрлі мемлекеттік бағдарламалар жолға қойылып, бағдарламалардың шарапатын көріп отырған кәсіпкерлер аз емес. Сол бағдарламалардың бірі – «Бизнес бастау». Бағдарламаның көмегімен кәсіпкер арнайы оқу курсынан тегін өтіп, тиісті сертификатпен ала алады. Сертификаттың көмегімен бизнес бастауға берілетін бір реттік мемлекеттік грантқа үміткер ретінде конкурсқа қатысады. Түркістан облысы, Кентау қаласында осы көмек арқылы бизнесін бастағандар аз емес. Сондай жандардың бірі – Нұрсұлу Шаханова.

Өз кәсібін жолға қоюды мақсат еткен ол былтыр арнайы курстан өтіп, грантты ұтып алған. Табиғи шырын жасайтын оның өнімдері сұранысқа ие. Бөлінген грантқа арнайы сок жасайтын құрылғы, тоңазытқыш және миксер алған. Қазір қаладағы дүкендерге, той-жиындарға тапсырыс қабылдап, өз үйінде кәсібін дөңгелетіп отыр. Болашақта кәсібін кеңейтіп, үлкен шырын шығаратын цех ашу да Нұрсұлудың жоспарында бар. Сол жолда тырмысып еңбек етіп келеді.

«Бастау бизнес» жобасы маған қажетті техниканы сатып алуға мүмкіндік берді» деп бастады әңгімесін Нұрсұлу.

«Үйді отырған соң әртүрлі тағамдарды жасайсың. Сонымен қатар, күн ысыған кезде балаларым сусын ішкілері келеді. Әрине, балаларыма газдалған зиянды сусын бергім келмейді. Оларға табиғи сусынды жасап беруді ойладым. Сөйтіп, интернетті қарап және өзімнің фантазиям бойынша табиғи шырын жасадым. Балаларыма қатты ұнады. Содан кейін үйге қонақ келгенде өзім жасаған табиғи шырынды қонақтарға ұсындым. Үйге келген қонақтарға табиғи шырын ұнап, тапсырыс алуым басталып кетті», – деген кейіпкеріміз, өзінің қандай іске икемділігі бар екенін де айта кетті.

Нұрсұлу Шаханова нан-тоқаш пісіруді жастайынан жақсы көреді. Оған түрлі мерекелерге балқұлшелер, печенье мен бәліш пісіру қатты ұнайды. Қызықты рецептті мен кішкене фантазия қосу арқылы керемет тәттілер жасайды. Оның пісірген тағамдарына барлығы тамсанып, тапсырыс беруге асығады.

Нұрсұлудың айтуынша, ең бастысы дайындалатын тәттілер химиясыз, табиғи таза өніммен жасалады. Кәсіпкер көп балалы ана тәтті өнімдердің 20-дан аса түрін әзірлейді. Соның ішінде, әсіресе «Вупи пай» деп аталатын тәттіге сұраныс аса көп. Өнімнің жоғары сапасы мен сырт келбетінің көркемдігі үшін ғана емес, бағасының қолжетімді болуына да аса мән береді. Кәсіпкер дастарқанға қоятын өнімнің сапасына басты мән береді. Өнімдерін Кентау қаласының тұрғындары мен қала дүкендеріне жеткізіп, мереке күндері тапсырыс қабылдайды. Жалпы, соңғы жылдары Кентау қаласы тұрғындарының кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларына қатысу қарқыны артқан.

«Қазіргі уақытта тәттілерді үйден пісіріп, сатамын, бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ/ЕСП) төлеп жұмыс жасаймын. Осыған дейін мен торттарды тек өзіміз үшін ғана пісіретінмін, тапсырыс алмағанмын. Грант алып, шеберлік сабағын өткеннен кейінгі ең бірінші тапсырысым қос ярусты торт болды. Таныстарым жастардың той дастарқанына тапсырыс берді. Мен болсам әлі қос ярусты торт пісіріп көрмеген едім. Бірақ, тәуекел етіп ең бірінші тапсырысымды алдым. Қалай пісіру керек, ол ярустарды қалай бекіту керек, әшекейлерін қалай жасау керек, осының барлығын өзімнің фантазиям арқылы жасадым. Тапсырыс берушілердің көңілінен шығуы үшін және олардың қонақтарына ұнауы үшін бар ниетімді салып пісірдім, бұл мен үшін өте жауапты қадам болды. Нәтижесінде, торт клиенттеріме ұнады. Олар тойдан кейін хабарласып, торттың дәмді болғанын, қонақтардың көңілінен шыққанын, өздеріне жетпей қалғанын айтып, ризашылығын білдірді. Соңынан өздері үшін тапсырыс берді. Осыдан кейін жайлап тапсырыстар түсе бастады»,– деп баяндады біздің кейіпкеріміз.

Қазіргі таңда тапсырыс берушілердің басым бөлігі қолдан пісірілген таза өнімдерге тапсырыс беретін көрінеді.

«Кейде аптасына 2-3 торт, 500 бәліш пен самса пісіретін кездерім болады, кейде мүлдем тапсырыс болмауы да мүмкін. Кей уақытта 200-300 шақты самса пісіріп дүкендерге өткіземін. Мысалы, көктем және жаз айларында тапсырыс өте көп болды, сол кездері мен демалыссыз жұмыс жасаймын. Бір айда 100 мың теңге табыс



табатын кездерім болды. Сұранысқа қарай, тапсырыс бойынша тәттілердің барлық түрін пісіремін. Клиенттің көңілінен шығу үшін барымды салып жүрмін. Қазір бәрі тез дамиды заман, торт өндіру саласы да жыл санап дамып келеді. Сол заман талабына сай болып, бірге алып жүру қажет. Нарыққа жақсы өнім ұсынғанда, өндіретін өнімнің бәсекеге қабілетті болу үшін бастапқы жылдары өзің қосымша қаржы бөлмей ісің өрге жылжымайды. «Шығын болмай, кіріс болмайды» деп ата-бабамыз бекер айтпаса керек. Тапсырыс тұрақты болуы үшін өнімдерді сататын орын ашу қажет. Осы үшін әрекеттеніп жатырмын, қазір. Өйткені, болашақта кондитерлік өнімдер сататын дүңгіршек ашуды жоспарлаудамын»,– деп әр адамға тән даму жолындағы болашақ жоспарлары туралы да айта кетті Нұрсұлу.

Біздің кейіпкеріміз мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың игілігін көруде. Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде көпбалалы аналардың бастамасы көпке қуаныш сыйлауда. Қарапайым халықтың экономикалық әлеуетіне әсер ететін негізгі күш – шағын және орта бизнес екені белгілі. Мемлекет тарапынан берілген грантты тиімді пайдаланып, өзінің кәсібін ашып, үйде отырып жұмыс жасап бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербететін кәсіпкер әйелдердің Кентау қаласында да көбейіп келе жатқаны қуантады.

Раушан НАРБЕК

АПОСТИЛЬ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫ ЗАҢДАСТЫРУДЫҢ РЕТІ ҚАНДАЙ?

XXI ғасырда жаһандану үдерістерінің күшеюі мемлекеттер арасындағы өзара байланыстардың артуына ықпал етті. Азаматтардың шетелде оқуы, жұмыс істеуі, отбасылық және азаматтық құқықтық қатынастарға араласуы, сондай-ақ кәсіпкерлік және ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыруы халықаралық құжат айналымының көлемін айтарлықтай ұлғайтты. Осыған байланысты, бір мемлекеттің құжаты екінші мемлекетте заңды түрде танылуы өзекті мәселе болып отыр.

Құжаттарды заңдастырудың дәстүрлі тәсілі – консулдық легализация – ұзақ әрі күрделі рәсім болып саналады. Мұнда құжатты берген мемлекеттің уәкілетті органдарымен қатар, оны қабылдайтын мемлекеттің консулдық мекемесі де қатысады. Бұл, өз кезегінде, уақыт пен қаржы шығындарын арттырады.

Осы мәселелерді шешу мақсатында 1961 жылғы 5 қазанда Гаагада қабылданған Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыру талаптарын алып тастау туралы конвенция халықаралық құқыққа енгізілді. Аталған конвенция негізінде апостиль институты қалыптасты.

Апостильдің басты ерекшелігі – ол құжаттың мазмұнын тексермейді, тек қана оның ресми мәртебесін айқындайды. Бұл – құқықтық тұрғыдан маңызды жайт, себебі апостильдеу құжаттағы ақпараттың дұрыстығын емес, оны куәландырған органның заңды күшін растайды.

Апостильдің консулдық легализациядан айырмашылығы мынада: – Процедураның қарапайымдылығы: консулдық легализация бірнеше кезеңнен тұрса, апостиль тек құжат берілген мемлекеттегі уәкілетті орган арқылы рәсімделді. – Уақыт пен қаржы үнемділігі

гі: апостиль қою тезірек әрі арзан рәсім.

– Қолданылу ауқымы: апостиль тек Гаага конвенциясына қатысушы мемлекеттер арасында жарамды, ал консулдық легализация кез келген мемлекеттер арасында жүргізілуі мүмкін.

Гаага конвенциясының ережелеріне сәйкес апостильдің нысаны біркелкі болуы тиіс:

Форма: шаршы, әр қабырғасы 9 см.

Орналасуы: құжаттың өзінде немесе оған қоса тіркелген парақта қойылады.

Тілдік талап: апостильді рәсімдеуші органның ресми тілінде жасалады, бірақ стандартты тармақтар екінші тілде берілуі мүмкін.

Атауы: міндетті түрде француз тілінде «Apostille (Convention de la Haye du 5 octobre 1961)» деген жазуды қамтуы шарт.

Қазақстан 2001 жылдан бастап Гаага конвенциясына қосылды. Қазіргі таңда елімізде апостиль қою құқығы келесі мемлекеттік органдарға берілген:

ҚР Әділет министрлігі – сот және нотариаттық құжаттар үшін;
ҚР Білім және ғылым министрлігі – білім беру құжаттары үшін;
ҚР Ішкі істер министрлігі – азаматтық хал актілері үшін;
Басқа да орталық мемлекеттік органдар – өз құзыреті шегінде.

Сонымен қатар, Қазақстанда апостиль қоюдың электрондық жүйесі енгізілді. Бұл азаматтарға құжаттарды онлайн түрде рәсімдеуге мүмкіндік беріп, уақытты айтарлықтай үнемдейді.

Апостиль институты халықаралық жеке құқықтың дамуына елеулі үлес қосуда. Оның практикалық мәні мынада: халықаралық мобильдікті арттырады; азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді; мемлекеттер арасындағы құқықтық ынтымақтастықты күшейтеді.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, апостиль институты халықаралық құқықтағы унификация мен гармонизация үрдістерінің көрінісі болып табылады. Ол мемлекеттердің ішкі құқықтық нормаларын біріздендіру арқылы халықаралық құжат айналымын жеңілдетеді.

Апостиль – халықаралық қатынастарда ресми құжаттарды заңдастырудың заманауи әрі тиімді құралы. Ол консулдық легализацияны алмастырып, азаматтардың құқықтарын қорғау мен құжат айналымын жеңілдетуге септігін тигізеді.

Қазақстан үшін апостиль институтын дамыту – халықаралық ынтымақтастықты тереңдетудің және азаматтардың құқықтық мүмкіндіктерін кеңейтудің маңызды қадамы. Осыған байланысты, аталған институтты әрі қарай жетілдіру, оның ішінде электрондық форматтағы қызметтерді кеңейту, ғылыми зерттеулерде өзекті бағыттардың бірі болып қала бермек.

Е.АДЫЛОВ,
Маңғыстау облыстық соты
ұйымдастыру-талдау
бөлімінің басшысы

БІЛГЕН ЖӨН

XXI ғасыр – ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңі. Бүгінде адамның күнделікті өмірі цифрлық кеңістікпен тығыз байланысты.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚҰПИЯЛЫҒЫ



Нұрболат АБДУЛЛАЕВ,
заңгер

Банктік операциялар жасау, онлайн сатып алу, әлеуметтік желілерде қарым-қатынас орнату – барлығы да интернет арқылы жүзеге асады. Осы процестердің әрқайсысында біздің жеке деректеріміз – аты-жөніміз, мекен-жайымыз, фотосуреттеріміз, тіпті мінез-құлқымыз бен әдеттеріміз туралы ақпарат – түрлі компаниялар мен платформалардың иелігіне өтеді. Сондықтан бүгінгі өзекті сұрақ: жеке өміріміздің құпиялығы мен қауіпсіздігін кім және қалай қамтамасыз етеді?

Жасанды интеллект технологиялары соңғы жылдары адам өмірінің барлық саласына ене

бастады. Ол тек роботтар мен чат-боттарда ғана емес, банк жүйелерінде, медицинада, білім беруде және тіпті сот саласында да қолданылады. Бұл жүйелер шешім қабылдау және үйрену үшін орасан зор көлемдегі деректерді, соның ішінде жеке мәліметтерді пайдаланады.

Қазақстанда жеке ақпараттың қорғалуы «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» заңмен реттеледі. Аталған заң ұйымдар мен компанияларға азаматтардың жеке мәліметтерін тек олардың келісімімен жинауға және пайдалануға міндеттейді. Алайда, тәжірибеде бұл талаптар жиі бұзылып жатады. Көптеген азаматтар өз деректерінің кімнің қолында екенін, қайда және қандай мақсатта сақталатынын біле бермейді.

Жеке деректердің қауіпсіздігі тек мемлекетке ғана емес, әр азаматтың жауапкершілігіне де байланысты. Әр адам өзінің цифрлық қауіпсіздігіне саналы түрде қарауы қажет: бейтаныс сайттарға жеке ақпарат енгізбеу, күрделі құпия сөздер қолдану және оларды жүйелі түрде өзгерту, қосымшалар орнатқанда олардың рұқсаттарына назар аудару, әлеуметтік желілерде артық мәлімет жарияламау – мұның бәрі жеке кеңістікті қорғаудың қарапайым, бірақ маңызды жолдары.

Жасанды интеллект дәуірі – адамзаттың жаңа мүмкіндіктерге жол ашқан кезеңі. Алайда осы мүмкіндіктермен бірге жеке өмірге төнетін қатерлер де арта түсуде. Сондықтан жеке деректерді қорғау тек техникалық емес, сонымен қатар құқықтық және этикалық міндет болып табылады. Мемлекет заңнаманы жетілдіріп, қоғам саналы көзқарас танытқан жағдайда ғана біздің цифрлық болашағымыз қауіпсіз әрі әділ болмақ.

ӘДЕП НОРМАЛАРЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ АЙНАСЫ

Қазіргі таңда мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенім – елдің тұрақтылығы мен дамуының маңызды шарты. Бұл сенімнің қалыптасуы ең алдымен мемлекеттік қызметтің сапасы мен ашықтығына, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің кәсіби және адами келбетіне байланысты.

Мемлекеттік қызметші – биліктің бейнесі, халық пен мемлекет арасындағы басты дәнекер. Сондықтан оның әрбір сөзі мен ісі ел азаматтарының мемлекеттік органдарға деген көзқарасын қалыптастырады. Мемлекеттік қызметшінің әдебі мен мәдениеті – мемлекет беделінің көрсеткіші және халық сенімінің басты кепілі.

Әдеп – адам мінез-құлқының моральдық өлшемі, қоғамдағы қарым-қатынас мәдениетін айқындайтын ұғым. Ал мемлекеттік қызметші әдебі – қызметтік міндеттерді орындау кезінде сыпайылық, әділдік, адалдық және жауапкершілік қағидаларын ұстану дегенді білдіреді.

Мемлекеттік қызметші өз әрекетінде заңдылықты сақтап, азаматтардың құқықтарын құрметтеуі тиіс. Әдеп нормаларын сақтау оның кәсіби біліктілігімен қатар жүретін маңызды қасиет. Себебі халық мемлекеттік қызметшіні тек лауазымды тұлға ретінде емес, биліктің өкілі әрі қоғам үлгісі ретінде қабылдайды.

Мемлекеттік қызметшінің әдебі оның мінез-құлқынан, сөйлеу мәдениетінен, киім үлгісінен және азаматтармен қарым-қатынасынан көрініс табады. Әдептілік – сыпайы сөйлеу, сабыр сақтау, қызметтік жағдайды жеке мүддеге пайдаланбау және кез келген жағдайда әділ шешім қабылдау қабілетімен өлшенеді.

Мемлекеттік қызмет жүйесінде кәсіби этиканы қалыптастыру үздіксіз процесс. Бұл бағытта білім беру мен біліктілікті арттыру жүйесі маңызды рөл атқарады. Қызметшілерге арналған этика-



Аида ӘЖМАДИН,
Ақтөбе қаласы
№2 сотының бас маманы –
сот отырысының хатшысы

лық семинарлар, тренингтер мен кеңестер олардың өзін-өзі ұстау мәдениетін нығайтуға ықпал етеді.

Сондай-ақ мемлекеттік органдарда әдеп жөніндегі уәкілдер институты жұмыс істейді. Олар қызметкерлерге кеңес беріп, әдеп бұзушылықтың алдын алады, ұжымдық моральдық ахуалды жақсартуға көмектеседі.

Халық сенімі – мемлекет үшін ең қымбат капитал. Сол себепті әрбір мемлекеттік қызметші өз мінез-құлқы мен мәдениеті арқылы ел мен халық алдындағы жауапкершілікті сезінуі қажет.

Мемлекеттік қызметші әдебі – бұл тек жеке қасиет емес, ол мемлекеттің тұрақтылығы мен дамуының кепілі, заң үстемдігінің және халық сенімінің көрінісі.

ТЕМІРҚАЗЫҚ

Әлемдік тәжірбиеге сүйенген елдің сот жүйесі қай кезде де пәрменді. Азаматтық қоғам мүддесін қалыптастыруда озық тәжірбиелерге арқа сүйеген тегеурінді заңы бар елдің еңсесі тік. Ол заңдардың бәрі әрине ең бірінші кезекте Ата Заңнан бастау алады. Ал азаматтардың құқықтарын алға шығаратын, өзге заңдардың сақталуын қадағалайтын, әрбір шешімнің артында тұрған адам тағдырына асқан жауапкершілікпен қарайтын Конституциялық Сот құзыреті кең құқықтық институт.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ – ЕЛ АЙБЫНЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Шын мәнінде, Конституциялық Сот – еліміз үшін өте маңызды институт. Енді азаматтарымыз Конституцияға қайшы келетін нормаларды заңсыз деп тану үшін Конституциялық Сотқа тікелей өздері шағымдана алады. Сонымен қатар Бас прокурор және Адам құқықтары жөніндегі уәкіл де Конституциялық сотқа жүгінуге құқығы бар. Жалпы, прокуратура, сот, құқық қорғау органдарының жұмысына қойылатын талап айтарлықтай күшейеді. Конституциялық Сот депутаттардың және Үкіметтің заң шығару жұмысына оң ықпал етеді. Бір сөзбен айтқанда, Конституциялық сот адам құқықтарын қорғау жүйесінің басты тірегіне айналады», деп атап өткен еді. Өз жұмысын қайта бастап, тұғырына қонған Конституциялық Сот Мемлекет басшысы атап өткен пәрмені мен қызметінен еш жаңылған жоқ. Конституциялық Сот судьяларымен кездесуінде Президент азаматтардың конституциялық құқығын қорғауға баса мән берілу қажеттігін, сонымен қатар бұл жоғары институттың тек адам құқығын жоғары деңгейде қорғап қана қоймай, Конституция нормаларын тікелей жүзеге асуы мен оны іске асыруын да назарда ұстайды. Ең жоғарғы сатыға келіп түскен өтініштер заңдылығына тоқталсақ, бірінші кезекте олар тіркеліп, олардың нысаны мен мазмұны заңға сәйкес тексерістен өтеді. Сот судьялары өтінішті алдын ала қарастырып, Конституциялық Соттың отырысында өтінішті қарау үшін материалдар әзірлейді. Іс қарау тәртібі бойынша Конституциялық Соттың өтінішті қарау жөніндегі отырысы өткеннен кейін қорытынды шешім қабылданып, ол жарияланады. Азаматтардың өтініштері конституциялық іс жүргізуге есепке алынған күннен бастап 3 ай ішінде қаралуға тиіс. Бірақ бұл тұста өтініштің күрделілігі мен іске қатысты барлық мән-жай



барынша толық зерттеу қажеттілігін ескере отырып, қарау мерзімі ұзартылуы мүмкін.

Осыдан біраз бұрын Конституциялық Сотта азаматтарға кәсіби заңгерлік көмек көрсету мәселелері көтерілді. Онда Конституциялық соттың атына өтінішпен жүгінетін азаматтарға мемлекет кепілдік берген сапалы заң көмегін көрсету мәселелері талқыға түсті. Ол заң көмегі болашақта нормативтік-құқықтық актілер мен құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге сеп. Ол сондай ақ, алдағы уақыттарда Конституциялық Сотқа арыз-шағымдар мен өтініш берушілерге, олардың заңды өкілдеріне құжаттарды жазу және ресімдеу кезінде көп көмек болатыны даусыз. Негізгі азаматтардың Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары конституциялық заңда айқындалған.

Негізгі заңдылық, Конституциялық Соттың құзыретіне сайлауды өткізудің дұрыстығы мен Парламент қабылдаған заңдар мен халықаралық шарттардың республика Конституциясына сәйкестігін қарау, сондай-ақ, Конституция нормаларына ресми түсіндірме беру құзыреті кіретінін көрсетеді. Конституциялық Сот азаматтардың өтініштері бойынша олардың құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін қадағалайды.

Бұл құзырлы соттың басты ерекшелігі – азаматтардың өтініштері мен шағымын қабылдауы. Конституциялық Соттың кез келген азаматтың құқығын қорғаудағы мәртебесі айрықша, айбыны өз алдына бөлек мақтан.

Айгүл БОРАШЕВА,
Маңғыстау облысының мамандандырылған
ауданаралық экономикалық сотының судьясы

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Ержан НАУРЫЗБАЙ, Zanger құқықтық платформасының жетекшісі:

«АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУҒА ҮЛЕС ҚОСҚЫМЫЗ КЕЛЕДІ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Zanger-дің миссиясын және платформаның қоғамға пайдасын қалай түсіндіресіз?

– Біздің мақсат – азаматтар заң көмегіне тез әрі ыңғайлы түрде қол жеткізіп, қауіпсіз нысанда өздеріне қажет заңгерді таба алуы. Бұл уақытты, қаражатты үнемдейді, ең бастысы – құқықтық жолмен мәселені шешуге деген сенімді арттырады. Ел ауқымында бұл – заң көмегінің қолжетімділігін және халықтың құқықтық мәдениетін көтеру мәселесі.

– **Идея қалай дүниеге келді және жобаның нарыққа қажет екені қашан айқын болды?**

– Идея тәжірибеден туды: 2016 жылдың өзінде-ақ адамдарға «өз» маманын тез табу қиын екенін, ал заңгерлерге түсетін өтінім ағынын ашық әрі түсінікті жүргізу оңай емес екенін көрдік. Біз мұны біртұтас сервиске жинадық: азаматтарға – түсінікті кіреберіс, мамандарға – ашық арна. Алдын ала жүргізілген зерттеулер болжамымызды растады, өңірлерден тұрақты өтінімдер келді, заңгерлер тарапынан да сервиске қызығушылық пайда болды.

– **Zanger құқықтық платформасының ерекшелігі неде?**

– Жүйелілік пен қолайлылықта. Біз өтінім берушіден мәселенің мәнін қысқа сипаттауды сұраймыз, фактілер мен құжаттарды нақтылаймыз, ал ары қарай істі саласы, тілі және өңірі бойынша профиліді маманға бағыттаймыз. Ашық LIVE-өтінімдер лентасы бар – онда мамандар жаңадан түскен өтінімдердің қысқаша, дербес дерексіз параметрлерін көріп, платформаға тіркелмей тұрып-ақ сервистің пайдасын түсіне алады. Заңгерлер үшін жазылым төлемін эквайринг арқылы қауіпсіз қабылдау қарастырылған. Маңызды артықшылығымыз – өзіміздің әзірлеушілер командасы: қолданбадағы ақауларды мүмкіндігінше жылдам түзетіп, жаңа функционалды жоспарға сай қосып отырамыз.

– **Платформада өтінім берушінің жолы қалай өтеді?**



– Адам сайт арқылы немесе 5510 қысқа нөміріне қоңырау шалып өтінім қалдырады. Біз ақпаратты реттейміз (дау неден туды, тараптар кімдер, қандай құжаттар бар, қандай мерзімдер шұғыл), әрі қазір қандай қадамдар жасау керек, қайда жүгіну қажет, нені ескерген жөн деген сауалдар бойынша тегін консультация береміз. Істі жүргізу қажет болса, өтінім берушінің келісімімен оны тиісті мамандарға жолдаймыз. Одан кейін клиент пен заңгер тікелей шарт жасасып, шарттарын келіседі.

– **5510 қысқа нөмірі неге маңызды?**

– Өте жеңіл әрі ыңғайлы: елдің кез келген нүктесінен және кез келген мобильді оператордан қоңырау шалуға болады. Біздің міндет – 5510 нөмірін ел бойынша бірыңғай құқықтық қолдау қызметі деңгейіне жеткізу. Қысқа нөмір – танымалдық пен жылдам қолжетімділік кепілі.

– **Қандай мамандармен жұмыс істейсіздер?**

– Адвокаттар, заң кеңесшілері, нотариустар, медиаторлар, жеке сот орындаушылары, сондай-ақ арнайы статусы жоқ заңгерлер: олар кеңес беріп, құжаттар дайындайды, құқықтық жобаларды сүйемелдей алады (бірақ сотта клиенттің мүддесіне өкілдік ету құқығы жоқ). Сонымен қатар біз заңгерлерді тіркегенде олардың құжаттарын тексереміз (дипломдар, адвокаттарға – лицензия, заң консультанттары палаталарынан мәлімет және т.б.). Заңгердің келісімімен оның фотосы мен деректері сайттың бас бетінде жарияланады – бұл маман үшін жарнама құралы, ал клиент үшін қосымша қорғаныс: сайтқа кіріп, заңгерді тексеруге болады.

– **Өтінім қабылдауда қандай қиындықтар жиі кездеседі?**

– Көп жағдайда адамдар эмоциямен ұзақ әңгімелейді де, маңызды детальдар айтылмай қалады. Біз әңгімені жұмсақ түрде қысқа чек-листке көшіреміз: не болды, қашан, та-

раптар кім, қандай құжаттар бар, күтілетін нәтиже қандай? Бұл барлығымыздың уақытымызды үнемдейді және заңгер істі қабылдай ма, жоқ па – тез түсінуге көмектеседі.

– **Азаматтар көбіне қандай сұрақтармен жүгінеді?**

– Қарыз және өндіріп алу, отбасылық және тұрғын үй қатынастары, тұтынушы құқықтарын қорғау, еңбек даулары, онлайн-алаяқтық. Алаяқтық көп: алдымен «инвестициялық кеңесші», «брокер» болып алдайды, кейін «ақшаны қайтарып береміз» деген желеумен өзін заңгермін деп таныстыратын екінші толқын шығады – тағы да алдайды. Көлемі шынымен алаңдатарлық. Клиентті қорғауды күшейту үшін біз платформа ішіндегі хат алмасу мен қоңырау функционалын әзірлеп жатырмыз: жақында заңгер мен клиент тек қорғалған контурда сөйлесе алады. Бұл функционал іске қосылғаннан кейін клиентке қоңырау шалып отырған адамның алаяқ емес екеніне сенімді болуға болады.

– **Не істелді және қандай межелерді атар едіңіз?**

– Веб-платформаны (сайтты) іске қостық, LIVE-өтінімдер лентасын енгіздік, Astana Hub резиденті болдық және биыл қазан айының басында Астанада өткен Digital Bridge ірі халықаралық IT-форумында платформамыздың таныстырылымын өткіздік. Заңгерлік қауымдастықтан құнды пікірлер алдық, әріптестікке уағдаластық. Әрдайым заңгерлік қауымдастықтың да, азаматтардың да конструктивті сыны мен ұсыныстарына ашықпыз.

– **Тегін заң көмегі қарастырылған ба?**

– Біздің команда өтінім қабылдау кезеңінде көптеген тегін консультациялар өткізді. Дегенмен бір жайтты түсіндіре кету керек: заңгер еңбегі ақыға лайық, азаматтар мұны түсіністікпен қабылдауы тиіс. Өкінішке қарай, «заңгер тегін жұмыс істеуі керек» деген қате түсінік жиі кездеседі. Ал шын мәнінде таксисті «тегін жеткізіп тастаңыз» демейміз, курьерден «тегін жеткізіңіз» деп сұрамаймыз, дәрігерден «тегін тексер, операция жасаңыз» деп өтіنبейміз. Заңнамада тегін заң көмегіне құқылы санаттар бекітілген. Ал осы тізімге кірмейтіндер үшін заң көмегі ақылы. Бұл ретте клиент пен заңгер заң көмегінің құнын өзара тікелей келіседі.

– **Юриспруденция қауымдастығына Zanger құқықтық платформасы не береді және жазылым қалай жұмыс істейді?**

– Платформаға тіркелгеннен кейін заңгерлер жеке кабинетінде деректерін толтырады, мамандануын және қызмет көрсететін өңірін таңдайды, жазылымын төлеп, клиенттердің өтінімдеріне қолжет-

кізеді. Эквайринг арқылы қауіпсіз төлем мүмкіндігі бар, жұмыс процесі түсінікті. Платформа қызметтері заңгерлер үшін ақылы. Жыл соңына дейін жазылым құны – айына 5510 теңге ғана. Келесі жылдан бастап баға өседі, бірақ барлық сервистерге бірыңғай тариф болады – жаңа модульдер қосылғанымен, құны өспейді. Осылайша біз платформаға елдің түкпір-түкпіріндегі, соның ішінде шағын қала мен шалғай өңірлердегі заңгерлердің де қолжеткізуін қамтамасыз етуге тырысамыз.

– **Платформаны дамыту жоспарлары қандай?**

– Алдағы екі жылға айқын жоспарымыз бар. Бір айдың ішінде электронды қолтаңба арқылы құжаттарға қол қою сервисін іске қосамыз: келісімшарттар мен актілерге қашықтан, клиент басқа өңірде болса да, ыңғайлы түрде қол қоя аласыз. Электронды түрде қол қойылған құжаттар заңнамаға сәйкес құқықтық күшке ие болады. Бұл сервисі тек заңгер мен клиент қана емес, басқа пайдаланушылар да пайдалана алады. Одан кейін мобильді қосымшаны шығарамыз. Сонымен қатар өтінім қабылдауды автоматтандыру үшін WhatsApp арқылы да, телефон арқылы да боттарды әзірлеп жатырмыз; елдің түкпір-түкпіріндегі заңгерлер еркін пікір алмаса алатын құқықтық форум дайындаудамыз; біртіндеп қолданба ішіндегі чаттар мен қоңырауларды іске қосамыз. Бұдан бөлек заңгерлерге арналған CRM-жүйені жасақтап жатырмыз, нормативтік базаның актуалды редакцияларына тез қолжеткізу үшін заңнамалық базаға қосылуды жоспарлаймыз және заңгерлер мен клиенттерге көмектесетін ИИ-көмекшіні дамытамыз. Біз адвокаттар алқаларымен және заң консультанттары палаталарымен әріптестікке дайынбыз, барлық заңгерлермен ашық ынтымақтастыққа әзірміз. Платформаның мәні тек өтінімді қабылдап, үлестірумен шектелмейді – біз заңгерлерге арналған ауқымды сервисті және әріптестермен де, клиенттермен де тиімді әрекеттесуге арналған ыңғайлы жұмыс алаңын қалыптастырып жатырмыз.

– **Құқықтық мәселеге алғаш рет тап болған оқырмандарға қандай кеңес берер едіңіз?**

– Уақыт оздырмаңыз. Фактілер мен хат-хабарды бекітіңіз, негізгі құжаттарды жинаңыз, профильді заңгерден бастапқы кеңес алыңыз, содан кейін ғана шешім қабылдаңыз. «5510» қысқа нөміріне қоңырау шалыңыз – біз сізге лайық заңгерді табуға тырысамыз.

– **Сұхбатыңызға рақмет.**

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МЕРЕЙ

КҮШТІ КӘСІПОДАҚ – БЕЛСЕНДІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР БІРЛЕСТІГІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы Қазақстанның кәсіподақтар күнін атап өтті. Кәсіптік одақтар – Азаматтық қоғамның маңызды институтының бірі.

Кәсіподақ мүшелерін «Парасат» кәсіподағының төрағасы Т.Мекебаев пен «Ұстаз» кәсіподағының төрағасы С.Байғұттинов арнайы құттықтады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ж.Түймебаевтың құттықтауын оқып берген Т.Мекебаев «Күшті кәсіподақ ұйымы – бұл белсенді, саналы және сауатты қызметкерлердің бірлестігі» екенін атап өтті.

«Парасат» кәсіподағының бастамасымен жасалған игілікті істер аз емес. Айталық оқытушылар жыл сайын Ыстықкөлдегі санаторийге жеңілдікпен жолдама алады. ҚазҰУ-да оқитын қызметкерлердің балалары оқу ақысын төлеуде 25% жеңілдікке ие. Кәсіподақ комитеті мерейтой иелерін құттықтап, қуантуды да дәстүрге айналдырған. Шарарда С. Байғұттинов өзі басқаратын бірлестіктің жұмысы туралы айтып берді. Әрі «Ұстаз» бен «Парасат» кәсіподағы арасында меморандумға қол қойылды.



Меморандумның мақсаты түрлі құқықтық, ұйымдастырушылық мәселелер, қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық, еңбек және өзге де құқықтарын қорғау бойынша ынтымақтастық, еңбек қатынастарын сапалы реттеуге бағытталған.

Меморандумда айқындалатын мақсат-міндеттерді іске асыру, кәсіподақ активін, жеке еңбек дауларын шешу үшін құрылатын келісу комиссиясының мүшелерін оқыту ҚазҰУ-дың

заң факультетінің азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы негізінде құрылған ғылыми-зерттеу орталығында жүзеге асырылмақ. Талқыланған мәселелер бойынша жетекші мамандарды тарта отырып, ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізу, қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың өзекті мәселелері бойынша түсініктеме беру, оларды оқу процесіне енгізу мақсатында оқу құралдарын, оқулықтар мен әдістемелік ұсынымдарды, білім беру бағдарламаларын дайындау жоспарлануда. Шара соңында үздіктерге «Фараби» медальдары мен кәсіподақ наградалары табыс етілді.

О.ЛОЖНИКОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
қызметкерлерінің
«Парасат» жергілікті
кәсіподағы төрағасының
орынбасары
С.ТЫНЫБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ азаматтық құқық
және азаматтық іс жүргізу,
еңбек құқығы
кафедрасының профессоры

БАҒДАР

Заңды сақтаған, тәртіпке бағынған қоғамда ілгерілеу болады. Осыны ескерген Президент бытырғы жолдауында: «Әділетті Қазақстанның негізі – заң мен тәртіп қағидасы» деп, елдегі дамуға серпін берер талап пен бағдарды нақтылап көрсетті. Бұл міндетті орындауда құқық қорғау, сот, прокуратура саласына жүктелген жауаптылық жоғары.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ НЕГІЗІ

Құзырлы органдар заң мен тәртіпті күнделікті қызметінде басшылыққа ала отырып, әрбір азаматтың өзін қоғамда қауіпсіз сезінуіне және мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтуға күш салуы керек. Ал мұндай маңызды іс-шаралар кешенді түрде жүргізілгенде ғана нәтижелі болары белгілі. Соның ішінде заң мен тәртіп қағидасының маңызы мен мәнін түсіндіріп, негізгі алғышарттарын айқындауда білім ордаларының көмегі көп. Бұл қатарда Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау академиясы да бар.

Академия жылдар бойы еліміздің құқық қорғау, қауіпсіздікті сақтау, заңдылықты қадағалау саласына білікті мамандар даярлап келеді. Оқу ордасындағы «Заң мен тәртіп» қағидасы аясындағы жұмыстар екі бағытта жүргізіледі. Оның біріншісі – академия түлектеріне жолдауда айқындалған қағиданың негізін үйретіп, тәжірибеде қолданудың қыр-сырын түсіндіруге, түлектерді салаға машықтандыруға арналған. Ал екінші бағытқа сай академия ұстаздары «Заң мен тәртіп» қағидасы бойынша ақпараттық, ұйымдастырушылық, құқықтық түсіндіру жұмыстарының жоспары мен

кестесін жүйелеп, қоғам қауіпсіздігін нығайтудағы құзырлы органдардың іс-шараларын үйлестіруге басымдық беруді көздеген.

Бұл қағидат жалпы қоғамға да үлкен міндеттер жүктеуде. Себебі, қолданыстағы заңдар сапалы орындалғанда ғана өз мақсатына жетеді. Сондықтан, жаңа заңдарды түсіндіру, заңнамалардағы ескеріле бермейтін тетіктерді азаматтар санасына жеткізу кезек күттірмейді. Бұдан бөлек халықтың құқықтық мәдениетін қалыптастыру да бір шараның шеңберінде шешімін табатын оңай шаруа емес.

Заң мен тәртіпті сақтаудың басты формуласының өзі азаматтардың құқықтық білімімен, өзі тұратын жерге құрметпен қарап, ортасын сыйлауымен өзектес. Соған орай академияның негізгі жұмысы да қоғамның құқықтық білімін жетілдіріп, айналасына жауаптылықпен қарау түсінігін орнықтыруға негізделіп отыр.

Әнуар ҚУАНАЛИЕВ,
ҚР Бас прокуратурасы
жанындағы Құқық қорғау
академиясының аға оқытушысы,
Әділет кеңесшісі

БАҚЫЛАУ


«102»
ҚЫРАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕ

Шымкент қаласы Полиция департаменті қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бірқатар жүйелі талдау мен профилактикалық жұмыстар жүргізуде.

Қалалық тәртіп сақшыларының мәліметінше бұл жұмыстар 2024–2028 жылдарға арналған қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен әріптестікте қамтамасыз ету тұжырымдамасын іске асыруға бағытталған. Полиция тұтас қала аумағындағы түнгі клубтар мен ойын-сауық орындарында тіркелген құқық бұзушылықтар бойынша «102» арнасына түскен шағымдар мен шақыртуларға арнайы сараптамалық негізде талдау жасаған. Жүргізілген мониторинг нәтижесінде кейбір нысандар бойынша полиция шақырту жиілігі олардың қоғамдық қауіпсіздік тұрғысынан ерекше бақылауды қажет ететінін байқатқан.

Мәселен, биылғы тоғыз айдың қорытындысы бойынша Шымкент қаласындағы бірнеше ойын-сауық орындары полиция шақырту жиілігі жағынан көш басына шыққан. Солардың бірі — Мангелдина көшесінде орналасқан «Disoco» клубы. Мұнда осы уақыт аралығында ғана 69 рет полиция араласуын қажет еткен жағдай тіркелген. Көпшілігі көңіл көтеру орнына келушілер арасындағы төбелес, ұрлық және өзара жанжалдар салдарынан туындаған. Нәтижесінде бірнеше адам түрлі деңгейдегі дене жарақаттарымен ауруханаға жүгінген. Қауіпсіздік талаптары аса жиі бұзылатын тағы бір орын — «Аризона» бар-кешені болып шықты. Мұнда жыл басынан бері құқық қорғаушыларға 66 хабарлама түскен.

Шағымдардың басым бөлігі агрессивті мінез-құлық танытқан келушілер, дау-жанжалдар және есірткіге қатысты күмәнді деректермен байланысты болып отыр.



Бәйдібек би даңғылындағы «Чечил Паб» ресто-бары да полицияның назарынан еш түскен емес. Мұнда бұзақылықтар үшін тәртіп сақшылары 63 мәрте шақырылған. Негізінен, мүлікке зақым келтіру, тәртіпсіз мінез-құлық және полиция талаптарына бағынбау фактілері жиі тіркелген. Сондай-ақ, Желтоқсан көшесіндегі «Кофе Бум» кафесінде тыныштықты бұзу деректері көп кездескен – барлығы 55 шағым түскен. Көпшілігі қатты музыка мен түнгі уақытта шу дең-

тыныштығына қауіп төндіру деңгейлерін анықтады.

Бұлардың бәрі қылмыстық іс ретінде тіркелмесе де, жүйелі түрде қайталануы қоғамға нақты қауіптің барын көрсетеді. Ішкі істер министрлігінің бұйрығына сәйкес, мұндай нысандар соңғы үш айдағы шағым санына қарай қауіп деңгейі бойынша жіктелді. 10-50 шағым – қалыпты ықтималдық деңгейі деп саналса, 50 және одан көп шағым – жоғары қауіп деңгейіне жатқызылады. Осы критерийге сәйкес, жоға-

рыдағы төрт нысан «қалыпты қауіп деңгейіндегі» орындар санатына енгізіліп отыр, – дейді Шымкент қаласы полиция департаментінің ресми өкілі Бағлан Исатаева.

Бұл — бизнеске қысым емес, қоғамдық тәртіп орнату

Полицияның ұстанымы айқын. Мақсат түнгі бизнесті тоқтату емес, қауіпсіз әрі өркениетті демалыс мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Яғни, түнгі өмірдің тартымдылығы заңнан жоғары болмауы тиіс. Керісінше, демалыс мәдениеті мен құқықтық жауапкершілікке баса мән берілуі тиіс.

Құқық қорғау органдары кәсіп иелеріне профилактикалық түсіндіру жұмыстарын күшейтіп, бейнебақылау камераларын орнату, күзет қызметін күшейту және ішкі тәртіп регламентін сақтау сияқты нақты ұсыныстар беруді қолға алған.

Полиция департаментінің мәліметінше қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге барлық азамат жауапкершілік танытқанда ғана нәтиже болмақ:

Қауіпсіздік бұл тек полицияның міндеті емес. Бұл тұтас қоғамның ортақ жауапкершілігі. Егер әр азамат қырағылық танытып, кез келген заңсыздыққа бейжай қарамаса, тек сонда ғана қоғамдық тәртіп бұзушылықтардың алдын алуға болады, – дейді Шымкент қаласы Полиция департаментінің криминалды полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Нұржан Мырзагелдиев.

«Шулы көліктерге» – шектеу, тұрғындарға – тыныштық

Шаһардағы тағы бір аса өзекті мәселе – түнгі уақытта шектен тыс шу шығаратын көліктер болып отыр. Полицияның рейдтік іс-шаралары нәтижесінде тек соңғы аптада ғана заңсыз қайта жабдықталған 9 көлік анықталып, айып тұрағына тоғытылған.

Түн ішінде жортуылдаған мұндай көліктердің шамадан тыс шу шығаруы тұрғындардың тыныштығын бұзды. Тәртіп бұзған көлік жүргізушілер жауапкершілікке тартылған. Полиция дерегінше тек жыл басынан бері 5000-нан астам көлік иесі заңсыз қайта жабдықтау фактісі үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Мамандардың айтуынша, мұндай көліктердің көпшілігі техникалық талаптарға сай келмейді және жасырын ақаулар салдарынан жол қозғалысына аса үлкен қауіп төндіреді.

Көлік құралын қайта жабдықтау тек құзырлы органдардың ресми рұқсатымен ғана жүргізіледі. Әрбір жүргізуші өз әрекетімен өзге тұрғындардың тыныштығы мен қауіпсіздігіне жауапты екенін ұмытпауы тиіс, – деп толықтырды Бағлан Исатаева.

Қоғамдық тәртіпті сақтау – бұл жай ғана полицияның міндеті емес, құқықтық санасы жоғары азаматтық қоғамның белгісі екені рас. Шымкент қаласында жүргізіліп жатқан кешенді шаралар – заң үстемдігін, әділеттілікті және құқық бұзушылыққа нөлдік төзімділік қағидатын нығайтуға бағытталған нақты қадам десек қателеспейміз.

Қазіргі таңда қалада «Қауіпсіз қоғам», «Құқықтық мәдениет», «Түнгі Шымкент» сияқты жобалар аясында тұрғындармен кездесулер, түсіндіру акциялары, жастар арасында құқықтық тәрбиеге арналған форумдар жиі ұйымдастырылып келеді.

Бұл бастамалардың барлығының түпкі мақсаты – қаланың әрбір тұрғыны мен қонағы өзін қауіпсіз сезінетін орта құру екені анық. Ал түнгі демалыс орындары мен қала көшелері – тәртіп пен мәдениеттің айнасына айналуы тиіс. Бұл бағытта тұрғындар да бейқам қалмауы тиіс.

Түнгі клубтар мен жол үстіндегі шудың артында тұрған түйткілдер – тек тәртіп мәселесі емес, қоғамдық жауапкершіліктің өлшемі болса керек. Сондықтан да бүгінгі әрекет – ертеңгі қауіпсіз өмірдің кепілі болмақ.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ТҮЙТКІЛ

АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНҒАНДАР

ҚР ИІМ және заңгерлер халықтың қаржылық сауатын арттыру мен алаяқтардан сақтанудың жолы бойынша әртүрлі шаралар ұйымдастыруда. Десе де қарапайым халықтан бастап, зейнеткерлер, ұстаздар және тағы да басқа қызметкерлер алаяқтардың арбауына түсуде. Қазіргі уақытта интернет алаяқтығы белең алған.

«Үйге шамамен 37 жастағы ер адам келіп, өзінің фильтр орнататынын айтты. Ол өзінің сөзінде тазартылған суға ақыны бөліп төлеуге де болады деді. Төлемді бүгін жасасам, ертең келіп құрып беретініне сендірді. Сөйтіп, маған көмектесемін деген ниетпен ұялы телефонымды алып, қалай бөліп төлеуге болатынын көрсетіп жіберетінін айтты. Қазақ болған соң сенгіш болады екенсің. Оның сөзіне сеніп, ұялы телефонымды бердім. Өзі біраз нәрсені басып, қарап көрді де: «Апай сізге бөліп төлеу бермей жатыр, енді кредит рәсімдеп көрейік» деді. Тағы да ұялы телефонымды біраз шұқылап «апай сізге несие бермеді» деді. Жарайды енді ақша жинап алармын» деген бойы қала бердім. Мен өзім несие алмаған едім, сосын бермей жатқан болар деп тағы айттым. Арада 2 ай өткеннен кейін, бірінен соң бірнеше банк звандап, маған «несиені уақытында неге төлемейсіз?» деді. Мен өзім осы кезге дейін несие алмаған едім. Бірден банктерге бардым. Бәрі де бір күнде, 30 минуттың ішінде рәсімделген несие екен. Міне, ардан безгендер біз секілді зейнеткерлерді осылай сан соқтырады екен», – деп мұнын шақты Самал апай.

Қазіргі күні алаяқтық қылмыстардың көбі интернет арқылы жасалатын болған.

Алаяққа алданып, әлі күнге дейін несиесін төлей алмай және де алаяқтардан ақшасын өндіре алмай жүргендердің бірі Кентау қаласының тұрғыны Зайыр есімді мұғалім.

– Шынымды айтсам алаяқтарға қалай алданғанымды өзім де білмей қалдым. 2021 жылы көктем айында белгісіз нөмерден хабарласып «Сіз интернет салым туралы біздің жарнамаға тіркелген екенсіз. Біз сізге үйде отырып, қомақты табыс табудың жолын үй-

ретеміз» деп майын тамызды. Бірінші кездері басып тастадым. Кейде алмай да жүрдім. Бір күні уатсап нөмеріме менің атымнан алаяқтар жалған сайт ашып, «сізге бонус салынды» деп жіберілді. Маған қалай кіріп көруге болатын сілтемені де жіберді. Алғашында қарамай жүрдім. Ақшаңыз өсіп жатыр деген хабарламалар тағы да келе бастады. Бір күні қызығушылығым артып, сайтқа тіркеліп кірдім. Әжептеуір қомақты қаржы тұр. Менің сайтқа кіргенімді бірден байқаған алаяқтар жиналған қаржыны алудың жолын айтып түсіндіре бастады. Алғашында 20 000 теңге салсаңыз, есеп шотыңызда тұрған 25 000 АҚШ долларын ала аласыз деді. Қазақстандық каспий нөмірді жіберді, соған аударым жасап, төлеген түбіртеккі аудардым. «Сізге менеджерлер хабарласады» деп айтты. Содан не керек ертеңіне хабарласып, сіздің бонусыңыз 30 000 АҚШ долларға өсті, 500 000 теңге салсаңыз, ақша аударылады деп айтты. Күнде звандап ақша өсті дейді да, салатын қаржының да сомасын көтере берді. Олардың көрсеткен қаржысын алу үшін банктерден несие алып сала бердім. Сонымен не керек, майдалап жүріп 10 миллион теңге салып тастадым. Банктердің бәрі несие бермей, ақша беретін адам қалмады. Сол кезде барып, есімді жидым. Сонда да біраз уақыт өзімнің алаяқтарға алданғанымға сенбей жүрдім. Міне, 5 жылдай уақыт өтті осы алаяқтардың жасаған әрекетінен отбасымнан, жұмысымнан да айырылдым. Өз күнімді зорға көріп жүрмін. Несие төлеуге мүмкіндігім де болмай қалды, – деп Зайыр апай көзіне жас алып.

Айдана да осындай кейіпкерлердің бірі:



– Осыдан бірнеше жыл бұрын алаяқтарға алданып банкке қарыз болып қалған жайым бар еді. Ол қаржыны төлей алмай жүрген болатынымын. Мен алты баланың анасымын. Күміс алқа иегерімін. Ақша жетіспеушіліктің салдарынан несие алып, оны төлей алмай жүрген едім. Банк тарапынан карталарымның бәрін бұғаттады. Бір күні ұялы телефоныма бір қыз Халыққа қызмет көрсету орталығынан хабарласып отырғанын және де күміс алқа иегерлерінен бір реттік көмек ретінде 2 миллион теңге түсіп тұрғанын айтты. Оны жіберейін десе менің банк картамның бұғатталып тұруына байланысты аударым жасай алмай тұрғанын тағы жеткізді. Содан не керек, банк картамды аштыру үшін Каспий банктің коллаторына хабарластым. Ол жігіт те маған ақша түсіп тұрғанын айтты. Сөйтіп, сіңіліме айтып, ол маған 300 мың теңге несие алып берді. Сөйтіп, несиемді төлеп картамды бұғаттан шығардым. Халыққа қызмет көрсету орталығынан деп хабарласқан қызға қоңырау шалып, картамды бұғаттан шешкенін айттым. Ал, ана қыз аздан соң сіздің ЖСН бұғатталған екен соны аштырыңыз, сосын ақшаңыз түседі деді. Бір кезде Каспий банктегі коллектор ха-

барласып 400 мың теңге төлесеңіз, ЖСН бұғаттан шығарамыз, күміс алқа ретінде екі миллион теңгенізді ала аласыз деп айтты. Өкінішке қарай оның сұраған ақшасын төлей алмадым. Олардың беретін ақшасын ала алмай, сіңліммен ренжісіп араласпай кеттім. Менің балаларым кішкентай болғандықтан жұмыс жасай алмай үйде отырмай. Алаяқтарға алданған ақшамды өндіріп ала алмадым, – дейді.

Кентау қалалық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Азамат Сарсенкулов:

– Біздің қаламызда өршіп тұрған қылмыстың бірі алаяқтық. Алаяқтарға алданғандардың саны күн санап көбеймесе азаймай тұр. Алаяқтардың айласы да күн санап жаңаруда. Қалада алаяқтық қылмыстың орын алуы былтырмен салыстырған 90 пайызды құрап отыр. 2024 жылдың 6 айында 48 қылмыс орын алса, 2025 жылдың осы кезеңінде 80 қылмыс тіркелген. Жалпы алаяқтық қылмыстың ашылу деңгейі 90.9 пайызды құрап тұр. Оның ішінде әлеуметтік желі арқылы жасаған алаяқтық қылмыс 79 пайызға төмендеген. Сондай-ақ, интернет-алаықтық қылмысы бойынша өткен жылы 6 қылмыс орын алып, 64.2 пайызды құрады. Ал 2025 жылдың 6 айында 45 қылмыс тіркеліп, оның ашылуы 79 пайызды құрады. Алаяқтық және интернет алаяқтық қылмыстарының алдын алу бағытында әрбір әкімшілік аумақтың учаскелік полиция инспекторлары тұрғындармен тығыз қарым-қатынаста түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, халықтың көп шоғырланатын жерлеріне және көпшілік мінетін автобустар мен таксилерге «Алаяқтықтан сақ болудың жолдары» жайында ескерту ретінде жадынама іліп, оларды қала тұрғындарына таратуда. Тұрғындардың құқықтық сауаттын ашу мақсатында атқарылған шаралардың арқасында алаяқтарға алданғандарын саны бір шама болса да азаяды деген сенімдемін, – дейді полковник.

Интернет-алаықтық жаһандық мәселеге айналып отыр. Ақпараттық сауаттылықты дамыту және сақтық шараларын қолдану арқылы ғана біз өзімізді және жеке деректерімізді алаяқтардың ықпалынан қорғай аламыз.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ҚҰРМЕТ

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ МАРАПАТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы» Жарлыққа қол қойды.

Республика күні қарсаңында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға елеулі үлес қосқан және белсенді қоғамдық қызмет атқарған бірқатар азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың қатарында еңбек ардагерлері, жұмысшылар, өндіріс, бизнес, білім беру, ғылым, денсаулық сақтау салаларының өкілдері, әскерилер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, спортшылар, мәдениет және өнер қайраткерлері бар.

Айта кетерлік жайт, Жұмысшы мандықтары жылына орай Республика күні қарсаңында еңбек әулеттерінің 138 өкілі, өнеркәсіп, көлік, құрылыс, ауыл шаруашылығы және басқа да салалардың 500-ге жуық жұмысшысы мен еңбеккері, шағын және орта бизнестің 200-ге жуық өкілі, 130-дан астам ұстаз бен ғалым, 100-ден аса медицина қызметкері және күнделікті еңбегімен ел дамуына үлес қосып жүрген басқа да азаматтар мемлекеттік наградаларға ие болды.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Жетісу облысы Төтенше жағдайлар департаментінің есебі бойынша, 9 айда 318 өрт оқиғасы тіркелді. Одан 6 адам зардап шегіп, 10 адам қайтыс болған. Айтып келмейтін бұл апаттың қаупі зор болғандықтан, департамент қызметкерлері қолдан келген шараның бәрін жүргізуде.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ БАҚЫЛАУДА

Өрттен адамдардың қаза болуының және жарақаттанудың алдын алу үшін азаматтық қорғаныс органдары қызметкерлерін оқытумен қатар бірқатар профилактикалық іс-шаралар жүргізді. Атап айтқанда телеарналарда 65 телерепортаж көрсетіліп, баспа басылымдарында 881 мақала жарияланып, 1802 радиохабар,

ақпараттық агенттіктерде 688 материал, әлеуметтік желілерде 7489 материал орналастырылды. Халық көп жиналатын жерлерде хабарлау жүйесі арқылы 6 629 өрт қауіпсіздігі туралы хабарландырулар оқылды. Жергілікті атқарушы органдармен және Өрт қауіпсіздігі инспекциясының төрағаларымен бірлесе

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов Жетісу облысына жұмыс сапары кезінде өңірдің су шаруашылығы нысандарының жай-күйімен және бірқатар жобалардың іске асу барысымен танысты. Соның бірі – Көксу ауданында Ислам даму банкінің қолдауымен жүзеге асырылып жатқан ирригациялық және дренаждық жүйелерді реконструкциялау жобасы. Оның бірінші кезеңінде 108,7 шақырым, екінші кезеңінде 157,8 шақырым канал қайта жаңғыртылады. Алғашқы кезеңде жаңғыртылатын 9 каналдағы жөндеу жұмыстары 2026 жылы аяқталады деп жоспарланып отыр. Жобаның екінші кезеңі аяқталған соң Көксу ауданындағы суармалы жер көлемі 13,6 мың гектарға ұлғаймақ. Ал Ақсу ауданындағы каналдарды жөндеу жұмыстары туралы жобаның бүгінгі таңда 75 пайызы аяқталған. 2026 жылы жөндеу жұмыстары толық аяқталған

соң 11 мың гектар жерге тұрақты су жеткізілетін болады.

«Жетісу облысында іске асырылып жатқан жобалар өңірдің ауыл шаруашылығы әлеуетін арттыруға, яғни суармалы жерлердің көлемін көбейтуге бағытталған. Барлық жұмыс кестеге сай жүріп жатыр және уақытында аяқталуы керек. Біздің министрлік ауқымды жобаларды жүзеге асыру үшін инвестициялар мен гранттық қаражатты белсенді тартып отыр. Енді осы бастамаларды соңына дейін жеткізу қажет. Аграрлық секторды сапалы әрі уақытылы сумен қамтамасыз ету – біздің басты міндеттеріміздің бірі», – деді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

Жетісу облысында жалпы 2028 жылға дейінгі су саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспар аясында Ақсу, Көксу, Панфилов, Сарқан, Алакөл аудандарында және

СУ КАНАЛДАРЫ ҚАЙТА ЖАҢАРДЫ

Талдықорған қаласында 8 жаңа су қоймасын салу көзделген. Нысандар Биен, Біже, Қорғас, Үсек, Тышқан, Балықты, Жаманты және Басқан өзендері бойында салынады. Бұдан бөлек, үш су қоймасын және ұзындығы 2930 шақырым болатын каналды қайта жаңғырту, сондай-ақ ұзындығы 236,8 шақырым канал автоматтандырылып, 17 гидротехникалық құрылысжайда көпфакторлы зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Жалпы, Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, биыл Жетісу облысындағы ауыл шаруашылығы дақұдарының егіс алқабы – 499 989,1 гектарды құрады. Яғни, су каналдарын жаңғырту жұмыстарының нәтижесінде оның көлемі алдағы жылдары біршама ұлғаятын болады.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Today aktau» ЖШС (БСН 240340020043) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 19 шағын ауданы, 26-үй, 84-пәтер.

4. «Томирис «Әйелдер клубы» қоғамдық бірлестігі (БСН 011140003577) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, 1 Мамыр көшесі, 288, 571-кеңсе.

10. «ОралПром» ЖШС (БСН 170640006668) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР,БҚО, Орал қаласы, Зачаган ауылы, Есет Азербәев көшесі, 73-үй.

11. «Жаңабазар-Агро» ЖШС-і (БСН 151240007026) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жаңабазар ауылдық округі, Үлгілі ауылы, Атымтаев Раманқұл көшесі, 25-үй.

12. «стройKAZпроект» ЖШС (БСН 160840001622) таратылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қостанай қаласы, Байтұрсынов көшесі, 95-үй, 220-кеңсе. Тел.: 87028048865.

МҰРАГЕРЛІК

6. 1.12.2001 жылы қайтыс болған Тазабекова Пшайға қатысты мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер бір ай ішінде Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Құлан ауылы, Амангелді көшесі, №94 үйде (Дарын) орналасқан нотариус Е.А.Байсейтовке хабарласуы қажет екендіктерін хабарлайды. Тел. 8 778 673 9351.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖҚ, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖҚ «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖҚ, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖҚ «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

ӨРТУРЛІ

3. ХАБАРЛАНДЫРУ «Ералы» өндірістік кооператив мүшелерінің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы (далее – кооператив), ЖСН 010540005515.

Осымен сіздерге 2025 жылы 29 қарашада сағат 15:00-де Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Құтарис ауылдық округі, Құтарис ауылы, Құтарис ауылдық округінің әкімдігі ғимараты мекенжайы бойынша өтетін Кооператив мүшелерінің кезектен тыс жалпы жиналысы туралы хабарлаймыз.

Алдағы жалпы жиналыстың болжамды күн тәртібі: 1. Азаматтардың оларды заң немесе есиет бойынша мұрагерлік құқығымен кооператив мүшелігіне қосу туралы өтініштерін қарау туралы. 2. Кооператив мүшелерінің жаңа тізімін бекіту. 3. Кооперативтің басқарушы органын (төрағасын) сайлау туралы.

Заңның 15-бабы 8-тармағының 2-абзацына сай егер тиісті қворум болған жағдайда жиналысқа қатысқан кооператив мүшелері бірауыздан өзге шешім қабылдамаса, жалпы жиналыстың күн тәртібіне өзгерістер енгізуге және оған енгізілмеген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға хақы жоқ. Осыған байланысты 2025 жылғы 15 қарашаға дейінгі мерзімде «Ералы» өндірістік кооператив мүшелерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне толықтырулар және/немесе өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарды келесі мекенжай бойынша күтеміз: Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Құтарис ауылдық округі, Құтарис ауылы, Құтарис ауылдық округінің әкімдігі.

5. «Ломбард «Салым» ЖШС (БСН 930640000202) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Н. Назарбаев даңғылы, 229 ғимарат,37-үй, индекс 050059.

8. «Riza Capital» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 060240018446, өзінің жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, 5, АЗ бөлігі. Тел.: 8 777 592 00 00.

9. «Aitu - Төлем шешімдері» ЖШС (БСН 190240009443) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 60/2- ғимарат, блок О, 15-қабат.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖҚ Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖҚ Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖҚ Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖҚ Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖҚ «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖҚ «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media pagekz»ЖҚ, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы,Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz» Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99. г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509 e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАIROS» ЖҚ, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ТАҒДЫР-ТАРАЗЫ

*Халыққа қызмет етіңдер!***З. НҰРҚАДІЛОВ.**

Кереге таулы Кеген өңірі Заманбектей дәуірінен оза туған перзентін ерекше ұлықтады. Мемлекет және қоғам қайраткері Заманбек Нұрқаділовтің ескерткіш-бюстіне тағзым етіп, гүл шоқтарын қоюдан басталған шара ары қарай аудан аумағында жалғасты.

Өнерлі өрендер

Саясаткер, қайраткер Заманбек Нұрқаділовтың туғанына 80 жыл толуына байланысты ұйымдастырылған игі іс Заманбек Нұрқаділов атындағы Кеген ауылының балалар өнер мектебін аралаумен жалғасты. Қылқалам ұстаған бүлдіршіндер шеберліктерімен тамсантты. Жанар Асубаева басқаратын ұжымда 47 педагог 890 оқушыға қосымша өнер бағыттары бойынша білім береді. Нақтылай түсек, ұлттық аспаптар – домбыра, қобыз, баян, дәстүрлі ән, эстрада вокал, хореография, бейнелеу өнері, мүсін, сәндік қолданбалы өнер. Сонымен қатар ауданның бірнеше елді мекенінде осы мектептің филиал бөлімшелері қызмет ететіні тағы бар. Оқушылар республикалық, халықаралық өнер

ЕЛ РУХЫН КӨТЕРГЕН ЕРГЕ ТАҒЗЫМ!



байқауларына қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Халықаралық деңгейде – 38, республикалық – 176, облыстық – 158 жеңімпаз оқушы бар.

Қайраткерге құрмет

Кеген аудандық тарихи-өлкетану музейінде Кеген ауданының бай табиғаты мен археологиялық құндылықтары, қазақ халқының тұрмыстық заттары, қолданбалы өнер туындылары, халық ақындары мен батырлары, мемлекеттік қайраткерлер, тарихи оқиғалар жайлы материалдар жинақталған музей қорымен музейдің экскурсия жетекшісі Назым Темірхан таныстырды. Жерлес тұлғалардың жеке заттары, құжаттары таптырмас музейлік құндылық болып есептеліп, жинақталып, келушілер назарына ұсынылды. Заманбек Қалабайұлы киген пальто, костюм-шалбар, галстук, жейде, «Не только о себе» кітабы, өзі жиі оқитын «М.Мақатаев» кітабы, қоңыр түсті папкасы, қаламсабы және көзілдіргі секілді музейде орын алған экспонаттар – қайраткерге деген құр-

меттің, ұлы тұлғаны ұрпақ жадында сақтаудың белгісі екенін көрсетеді.

«Жас келсе іске»...

Кеген орта мектебінде 1951–1961 жылдары оқып, үздік бітірген Заманбек Нұрқаділовтың есімін мектеп тарихында қалдыру мақсатында осы білім ордасының 1982 жылғы (100-ден астам оқушы) түлектері Кеген орта мектебі қабырғасына (50*80) стандартқа сәйкес, мемориалды-тақта (өз қаражаттарымен) орнатыпты. «Рұқсатты тиісті орындардан сұрағанымызда заңнама талабына сәйкес ғимарат иесі Алматы облысының білім басқармасының Кеген ауданы бойынша білім бөлімі бұл өтінішімізге келісін берді. Алматы облысының тарихи және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссиясы кезекті отырысында хаттама толтырып, «мемлекет және қоғам қайраткері Нұрқаділов Заманбек Қалабайұлы есімі жазылған мемориалды тақтаны орнату туралы» шешім шығарды» дейді. Мемори-

ал-тақтаны ашу рәсіміне Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Теңізбаев келді. Ол:

– Еліне еңбегі сіңген мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт перзенті, Кеген өңірінің тумасы Заманбек Қалабайұлы Нұрқаділовтің есімі жазылған мемориал-тақтаның салтанатты түрде ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» деп Ілияс Жансүгіров жырлағандай, бүгінгі шара бабаларымыздың рухына тағзым ете отырып, ұрпақтарына ата тарихынан тағылым алу үшін жасалған игілікті шара деп білемін.

Заманбек Қалабайұлы – халқына қалтқысыз қызмет еткен, елі мен жерінің өркендеуіне бар саналы ғұ-



білім ордасы туралы мағлұмат берді.

Педагог-ұйымдастырушы Айгерім Кенжебай және оқушыларды дайындаған директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Айдана Асанғалықовалардың еңбектеріне көпшілік ризашылықтарын білдірісті. Осы шарада «Заманбектану» үйірмесінің оқушылары өз шығармашылығынан өлеңдер оқыды, өзге де өнерлерін көрсетті.

Лебіз

Осынау салтанатты шараға Біріккен Араб Әмірлігінде жүрген қайраткердің қызы Құралай Нұрқаділовадан да жедел хат келіпті. Ол жеделхатта: «Мен, Нұрқаділова Құралай Заманбекқызы, әкем – Заманбек Нұрқаділовтің рухына арналған бүгінгі іс-шараны ұйымдастырып отырған Кеген орта мектебінің 1982 жылғы түлектеріне шын жүректен алғысымды білдіргім келеді.

Отбасылық жағдайға байланысты бұл маңызды жиынға жеке қатыса алмасам да, көңілім мен жүрегім сіздермен бірге. Әкемнің өмір жолы мен

**ЗАМАНБЕК ҚАЛАБАЙҰЛЫ
НҰРҚАДІЛОВ
1944 - 2005 ж.ж.**

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, саясаткер. Кеген орта мектебінде 1951-1961 жылдары оқып, үздік бітірген. Алматы қаласының әкімі, Алматы облысының әкімі, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің 2 дүркін депутаты, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болған.

Кеген қазақ орта мектебінің 1982 жылғы түлектері



рихнамадан тағылымды сөз қозғап, құнды ойларын қысқа да нұсқа жеткізді. Осы шараны ұйымдастырушы түлектер атынан Гүлнар Таударбекова мінбеге шығып «Заманбектану» айдары аясында мектепте оқудың іргетасы қалай құйылып, қалыптасып, дамытылатынын оқушылар санасына сіңірудің бір жолын ашуға талпындық. Басты мақсат – өзіміз білім нәрімен сусындаған мектеп оқушылары бойындағы оқуға деген құштарлықты оятуға, дамытуға себепші болуды парыз санадық. Өмір, қызмет жолдарында түсірілген фотосуреттерді көріп, цитаталарды оқыған әр оқушының өзіндік ой түйюіне құдды қарлығаштың қанатымен су сепкендей септігіміз тиер деген үмітпен арнайы тапсырыспен жасатып әкелген көрнекіліктерді осы Кеген орта мектебіне 1982 жылғы түлектер атынан сыйлаймыз!» – деді.

Өжек Жаңабаев атындағы орта мектептің директоры Д. Жетібаетов алыс-жақыннан келген қонақтарды қарсы алып бір ғасырлық тарихы бар

ел алдындағы еңбегі – мен үшін зор мақтаныш.

Заманбек Қалабайұлы – халқымыздың жүрегінде сақталған, ел тарихында өшпес із қалдырған көрнекті тұлға. Оның есімін құрметпен еске алып, өзі оқыған білім шаңырағында осындай тағылымды шараны ұйымдастырғандарыңыз үлкен рухани құндылық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа әкемнің құрметіне көрсетілген ілтипаты мен қолдауы үшін алғысымды білдіремін.

Кеген өңіріне, барша қатысушыларға және ел тұрғындарына шынайы ықыласымды, жүрекжарды сәлемімді жолдаймын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! – делініпті.

Ігі шараны Кеген орта мектебінің 1982 жылғы түлектері Заманбек Қалабайұлының аруағына тағзым етіп, ас беруі, құран бағыштап, үлкендерден бата алумен қорытындылады.

**Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,
журналист**

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағамбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Нұрлыбек
Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5960 дана
Апталық таралым 11920 дана

Тапсырыс №162 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31